

**"Қостанай облысы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы"
мемлекеттік мекемесіне жер учаскесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы**

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 27 ақпандағы № 386 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 2 наурызда № 8989 болып тіркелді

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Қостанай қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қостанай облысы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне коммуналдық, инженерлік, электр және басқа да желілер мен тораптарды жүргізу мен пайдалану мақсатында, Қостанай қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы мекенжайындағы "Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының автомобиль көлігі колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының 500 орынға арналған 9 қабат жатақхана құрылысы" объектісі бойынша жалпы алаңы 0,2972 гектар жер учаскесіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Қостанай қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қостанай қаласы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

К. Ахметов